

«КЕЛІСІЛГЕН»  
Қадағалау кеңесінің Төрағасымен

*Бекітілді*  
«11» 07 2023 ж.

«БЕКІТІЛДІ»

«№5 Қалалық клиникалық аурухана»  
ШЖҚ КМК Բас дәрігері

Б. Н Садыков  
2023 ж.



**СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ СТАНДАРТ**  
**Алматы қаласы «№5 Қалалық клиникалық аурухана» ШЖҚ КМК**

**Алматы қаласы**

1. Осы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт Қазақстан Республикасының «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» 2015 жылғы 18 наурыздағы Занының 10 бабына, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері жөніндегі Агенттігі бекіткен сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды жасау жөніндегі Методикалық нұсқауларға сәйкес жасалды және нұсқамалық сипатта беріледі.

2. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты жасаушы Алматы қаласы КДБ «№5 Қалалық клиникалық аурұхана» ШЖҚ КМК комплаенс-офицері болып табылады.

3. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт жемқорлықтың алдын-алуға бағытталған нұсқаулар жүйесіне қоғамдық қарым-қатынастың оқшауланған саласын қалыптастыруға бағытталады.

4. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың мақсаттары:

- 1) қоғамдық қарым-қатынастың оқшауланған саласында жұмыс істейтін тұлғалардың сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-кулқын қалыптастыру;
- 2) сыйбайлас жемқорлық көріністерін уақтылы анықтау және олардың жағымсыз салдарларының алдын алу.

5. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың қағидалары мыналар:

- 1) зандылық;
- 2) транспаренттілік;
- 3) этиканың сақталуы;
- 4) занды және жеке тұлғалардың құқығы мен занды мұдделерін сақтау және оларды жемқорлық ықпалынан қорғау;
- 5) мұдделер қақтығысина жол бермеу.

6. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт мекеменің өз функцияларын орындау және жеке және занды тұлғалардың құқықтары мен занды мұдделерін жүзеге асыру жөніндегі қызметтінде қолданылады.

7. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт қызметкерлердің белгіленген ережелерді мүлтіксіз сақтауға және сыйбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға бағытталған әрекеттері мен шешімдерін айқындайды:

- 1) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт қолданылатын салалардағы жеке және занды тұлғалардың құқығы мен занды мұдделерін іске асыру;
- 2) өз құзыреті шегінде басқармалық және басқа да шешімдерді дайындау және қабылдау;
- 3) Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің жобаларын дайындау;
- 4) қызмет атқару шегінің ерекшелігіне байланысты басқа да қоғамдық қарым-қатынастар.

### **Қоғамдық қатынастар саласында жұмыс істейтін тұлғалардың мінез-құлық (әрекеттері) ережелері**

8. Жеке тұлғалардың құқықтары мен занды мұдделерін жүзеге асыру кезінде және саладағы занды тұлғалар:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясы мен зандарын, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Президенттің актілерін, басқа да нормативтік-құқықтық актілерді басшылыққа алу;

2) Қазақстандағы халықтар бірлігі мен ұлтаралық келісімнің нығаюына ықпал ету, Қазақстанда тұратын халықтардың салт-дәстүріне, мемлекеттік тілге және басқа тілдерге құрметпен қарау;

3) жеке және заңды тұлғалар өкілдерімен, әріптерімен қарым-қатынас жасауда этикалық нормаларды сақтау, адаптация, күштепейіл болу;

4) жеке және заңды тұлғалардың құқығы мен мұдделеріне қатысты шешім қабылдауда оның ашықтығын қамтамасыз ету;

5) іс-әрекеті немесе мінез-құлқы арқылы қоғам тарапынан сынға ұшырауға жол бермеу, кемшілікті жою немесе өзінің қызметін жақсарту үшін ақылға сыйымды сынды қолдану;

6) мемлекеттік органдар, мекемелер, мемлекеттік қызметкерлер және басқа тұлғалардың жеке сипаттағы мәселелерін шешуде қызмет бабын қолданбау,

7) шындыққа жана спайтын ақпараттарды жарияламауға;

8) заң арқылы тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапқа тартылу көзделген іс-әрекеттерді және заң бұзушылықты іске асыруға жол бермеу;

9) мемлекеттік мекемедегі еңбек заңының орындалуын, мемлекеттік қызмет туралы заңын, мемлекеттік қызметті атқаруға байланысты шектеулердің сақталуын қамтамасыз ету.

9. мемлекеттік қызмет көрсетуде және басқа да функцияларды іске асыруда:

1) мемлекеттік қызмет көрсету сапасын жетілдіру бойынша тұрақты шара қолдану;

2) мемлекеттік қызмет көрсету туралы ақпараттың қызмет алушыға толық және қолжетімді тәртіpte берілуін қамтамасыз ету;

3) мемлекеттік қызмет және басқа да сол тектес қызмет көрсетуде көрсетілмеген құжатты талап етпеуге, әкімшілік өктемдік көрсету әрекетіне жол бермеу;

4) жемқорлық құқық бұзушылыққа әкелетін әрекет туралы басшылыққа мәлімдеу,

5) мемлекеттік қызмет көрсету процесін тұрақты жетілдіру, үнемді және сапалы мемлекеттік қызмет көрсетілімін қамтамасыз ету.

10. Товарды, жұмысты, қызмет көрсетуді сатып алуға байланысты мемлекеттік қызметті іске асыруда:

1) Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға пайдаланылатын қаражатты онтайлы және тиімді пайдалану.

2) Заңда басқа шарт қарастырылмаса, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алу рәсіміне қатысу үшін тәң мүмкіндіктер беру.

3) Мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығы.

4) Сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу.

5) Атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері бар және Борышкерлердің бірыңғай тізліміне енгізілген ол тартқан әлеуетті өнім беруші және (немесе) қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) ретінде қатысуға жол бермеу.

11. Өз құзыреті шегінде басқарушылық және басқа шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде

- 1) Тікелей басшыға мұдделер қақтығысының, қызметтік міндеттерін орындаудағы жеке мұдделердің, сыйбайлас жемқорлық мінез-құлыққа бейімділігінің және сыйлық алудың туындауы туралы хабарлау.
- 2) Қызметтік міндеттерін орындауда жеке және пайдакунемдік мұдделерді басшылыққа алмау.
- 3) Қызметтік өкілеттіктерін пайдалана отырып, әріптестеріне, басшыларға және басқа да лауазымды тұлғаларға сыйлық бермеу және мүліктік игіліктер, женілдіктер немесе артықшылықтар алу үшін қызметтік емес қызмет көрсетпеу.
- 4) Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күресте, сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ашуда белсенділік таныту.
- 5) Белгілі болған сыйбайлас жемқорлық фактілері туралы, сондай-ақ материалдарды жедел қарау немесе қағазбастылық үшін қандай да бір пайда алуға бейімділік туралы дерене басшылыққа хабарлау.
- 6) Орындау үшін келіп түскен өкімнің зандылығына күмәнданатыны туралы тікелей басшыға дерене жазбаша хабарлауға.
- 7) Егер тікелей басшының өзі мұдделер қақтығысына қатысты болса, жоғары басшылыққа шағымдану.
- 8) Кіріс алуға байланысты кәсіпкерлік және өзге де қызметті жүзеге асыруда ешкімге көмек көрсетуден аулақ болу.

## 12. Нормативтік-құқықтық актілкер жобасын дайындауда:

- 1) Нормативтік-құқықтық актілер жобасын дайындау мен талқылауға көпшіліктің, бұқаралық ақпарат құралдарының міндетті қатысуын қамтамасыз ету;
- 2) құқықтық актілерді мониторингтеу шарасына мекемелердің құрылымдық бөлімшелерінің қатысуын үйлестіру және тұрақты түрде есеп берілімін дайындау;
- 3) нормативтік-құқықтық актілер жобасын мұдделі мемлекеттік органдар бекітуіне жолдау алдында оларды нормативтік-құқықтық актілердің ашық интернет-порталына орналастырып, көпшілік талқылауына ұсыну;
- 4) нормативтік-құқықтық актілерде сыйбайлас жемқорлық факторлары мен оның белгісі бар нормаларды қолданбау.

## 13. Қызметкерлерді таңдау және орналастыру кезінде мына шарттар ұсынылады:

- 1) тағайындауға арналған материалдарды қарау мерзімін сақтау;
- 2) мекемеге қызметке қабылдауда қызметкерге негізгі міндеттерін, тыйым салулар мен шектеулер туралы түсіндіру;
- 3) кадр таңдауда Қазақстан Республикасының заң талаптарын сақтау;
- 4) мемлекеттік қызметшілердің дербес деректері туралы мәліметтерді негіzsіз беруге жол бермеу;

5) қызметке тағайындалатын кандидаттардан еңбек шартына қатысты емес құжаттарды талап етпей;

6) қызметкерге қатысты тексеруді жан-жақты және әділ жүргізу.

14. Басқа да әлеуметтік маңызы бар қатынастарда өмір сүру саласының ерекшеліктеріне байланысты:

1) Бағынысты лауазымды тұлғалардың міндеттері мен лауазымдық өкілеттіктерінің көлемін нақты және нақты белгілеу; \

2) Қол астындағы лауазымды тұлғалар арасында жұмыс көлемінің біркелкі бөлінбеуіне жол бермеу;

3) Θз қызметінің нәтижелерін бағалауда, сондай-ақ көтермелеге мен жазалау шараларын қолдануда әділдік пен объективтілік таныту;

4) қарамағындағы қызметкерлерге қатысты негізсіз кінелау, дөрекелік таныту, адамдық болмысын төмендетеу, әділетсіздік, тәртіпсіздік жасауға жол бермеу;

5) қызметкердің қызметтік міндеті аясынан шығатын, орындалуы мүмкін емес, сондай-ақ занға қайшы келетін нұсқаулар бермеу;

6) қызметтен тыс сипаттағы мәселелерді шешуде қол астындағы қызметкерлердің қызметіне ықпал ету үшін қызмет бабын пайдаланбау;

7) қол астындағы қызметкерлерді сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға мәжбүрлемеу;

8) қызметтік міндеттерін орындау барысында әріптестермен туындаған мұddeлдер қақтығысын шешу бойынша кешенді шараларды уақытында іске асыру;

9) мұліктің, оның ішінде автокөліктің қызметтік мақсатта тиімді қолданылуын, сақталымын қамтамасыз ету.